«Ермек Серкебаев атындағы Өнер колледжі – өнерде дарынды балаларға мамандандырылған мектеп-интернат» кешені КММ

КГУ «Комплекс «Колледж искусств – специализированная школа-интернат для одаренных в искусстве детей имени Ермека Серкебаева»

**Қарастырылған:**
**Рассмотрено:**

на заседании ПЦК
«Народные инструменты»
протокол № 1
председатель ПЦК
Гафуров К.К. ________
«28» 08 2024 г.

**Келісілген:**
**Согласовано:**

заместитель директора
по профилю
Габидуллина В.Ф.________

**Бекітілген:**
**Утверждено:**

решением МС КГУ «Комплекс
«Колледж искусств - ШОД»
имени Ермека Серкебаева
председатель Рыжик Г.Г.
«29»____08______2024 г.

# ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
# РАБОЧАЯ ПРОГРАММА

## Фольклорлық аспаптар
## Фольклорные инструменты

(ПӘННІҢ АТАУЫ/НАИМЕНОВАНИЕ ДИСЦИПЛИНЫ)

Петропавл қаласы

2024 жыл

Құрастырған: Оңғарбаева С.Д.  «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Рецензенттер:

Ғафуров Қ.Қ.   «Халық аспаптары» ПЦК – сының төрағасы.
Маштақова Н.Ж.  «Халық аспаптары» ПЦК – сының оқытушысы.

Ермек Серкебаев атындағы «Өнер колледжі - ДБМ» кешені әдістемелік кеңесімен бекітілген.

№ 1 хаттама, 29. 08 2024 жыл.

Тіркеу нөмірі: N 5
Тіркелген күні: 29. 08 2024 жыл.

**Мазмұны**

1. Түсіндірме жазба ..........................................................................................

2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер ...............................................

3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны ........................................

3.1 Пәннің тақырыптық жоспары ....................................................................

3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының жоспары .......................................

4. Оқытудың жоспарланған нәтижесін бақылау .........................................

5. Әдебиеттер және оқыту құралдары .........................................................

5 сынып – 34 сағат

6 сынып – 34 сағат

7 сынып - 34 сағат

8 сынып - 34 сағат

9 сынып - 34 сағат

**Барлығы – 170 сағат**

## Түсіндірме жазба

«Фольклорлық аспаптар» пәні жеке (тәжірибелік) пән. Пәнді оқыту мақсаты – оқушыларды мектептік халық аспаптары оркестрлерінде және ансамбльдерінде қосымша аспаптарда ойнай білуге дайындау. Болашақта өз мамандығымен қатар, басқа да аспаптарды меңгерген кәсіби маман иесі болып шығуына ықпал ету және өз кәсібінің жалпы мәнін тереңінен ұғыну, музыкалық өнердің жақсы бейнесін насихаттау болып табылады.

«Фолькорлық аспаптар» пәні 5 – 9 сыныптарда жүргізіледі. Осы уақыт аралығында оқушының аспапқа деген ынтасын арттыру үшін, оны қызықтыратындай және ойналу жағынан аса күрделі емес шығармаларды таңдай отырып, сабақтарды жүргізу керек. Оқуын колледж қабырғасында жалғастырушылар үшін ансамбль, оркестр сабағында, өз мамандығынан бөлек оқыған етене қосымша аспапты білуінің маңызы өте зор болары сөзсіз. Жалпы оқушыларға саз сырнай, шертер, бас домбыра, қыл қобыз, прима қобыз т.б. қажетті аспаптарды үйрету ұсынылады.

## 2. Пәнді оқытуда жоспарланған нәтижелер

| Стандартта және білім беру бағдарламасында жоспарланған оқыту нәтижелері | Оқу бағдарламасында жоспарланған оқу нәтижелері |
|---|---|
| Білім алушылар келесі құзіреттіліктерге ие болуы тиіс<br><br>**<u>Базалық:</u>**<br>БҚ 2. Алған білімін кәсіптік және де басқа қызметте қолдану;<br>БҚ 5. Кәсіби сөздік қорын сауатты қолдану, өзінің кәсіптік қызметінде шет тілдерінен біліктілігін қолдана білу;<br>БҚ 8. Өз мамандығының маңыздылығы мен мәнін түсіну, оған тұрақты қызығушылық көрсету;<br>БҚ 9. Орындайтын жұмысына жауапкершілікпен қарау, өздігінен кәсіби қызмет саласындағы мәселелерді шешу. | Пәнді игеру нәтижесінде білім алушылар:<br>**<u>Біледі:</u>**<br>- қазіргі заманғы педагогика талаптарын;<br>- кәсіби сөздік қорын;<br>**<u>Істей алады:</u>**<br>- нақты жағдайда қойылған міндеттерді шешу кезінде педагогикалық және орындаушылық қызмет саласында алған білімін жүзеге асыра білу.<br>**<u>Дағдыларын қалыптастырады:</u>**<br>- заманауи талаптарды ескере отырып кәсіби міндеттерді өз бетінше шешу;<br>**<u>Сұрақтарында құзіретті:</u>**<br>- кәсіби қызмет саласындағы этикалық және заңға сүйінген нормалар; |
| **<u>Кәсіптік:</u>**<br>КҚ 6. Аспаптардың даму тарихы туралы теориялық білімді қолдану;<br>КҚ 7. Танымал орындаушылардың педагогикалық үрдістерін, аспапта оқыту әдістерін қолдану; | **<u>Біледі:</u>**<br>- аспаптың шығу тарихы және дамуы;<br>- музыкалық тіл және олардың өзара қатынастарының маңызды элементтері;<br>- аспапта ойнау ерекшеліктері;<br>- репертуар;<br>- музыкант – орындаушының жалпы көзқарасын кеңейту, орындаушылық шеберлігін дамыту жолдары;<br>**<u>Істей алады:</u>**<br>- кіші формадағы күрделі емес музыкалық шығармаларды орындау;<br>- парақтан оқып ойнау;<br>- орындаушылық процесс барысында теориялық кәсіби білімін қолдану;<br>- орындайтын шығарманың көркемдік ойын |

| | |
|---|---|
| | жеткізу мақсатында ең тиімді техникалық әдістерді таңдау;<br>**Дағдыларын қалыптастырады:**<br>- концерттік – орындаушылық қызметін;<br>- қазіргі заманғы оқыту әдістемесі;<br>**Сұрақтарында құзіретті:**<br>- теориялық және практикалық білімдердің жүйелігі;<br>- педагогикалық және көркемдік құндылықтар ұстанымындағы репертуарды қалыптастыру; |
| **Арнайы:**<br>АҚ 14. Аспаптық шығармаларды үйрену кезінде өз бетімен жұмыс істеу дағдыларын игеру;<br>АҚ 16. Қосымша аспаптардың негізгі ойнау әдістерін меңгеру; | **Біледі:**<br>- әртүрлі аспаптардың құлақ күйлерін келтіру;<br>- орындаушылық аппаратының қойылымы, негізгі ойнау әдістері, штрихтарды және аппликатураны;<br>- негізгі көркемдік орындау элементтері;<br>- әртүрлі стильдердегі кезеңдер және бағыттардағы композиторлардың шығармалар репертуарын, кәсіби терминологиясын;<br>**Істей алады:**<br>- кіші формадағы күрделі емес шығармалар орындау ;<br>- әртүрлі стильдегі шығармалардың көркемдік ерекшелігін түсіну және орындау техникасын меңгеру;<br>- көркемдік мазмұнын ашу үшін қажетті техникалық ойнау әдістерін түсіндіру;<br>**Дағдыларын қалыптастырады:**<br>- парақтан оқу;<br>- оркестр, ансамбльдерде еркін ойнай білу;<br>- көркемдік мақсаттарының жетістігі үшін есту қабілетін бақылауды дамыту, техникалық аппаратын жетілдіру;<br>**Сұрақтарында құзіретті:**<br>- орындау барысын басқару;<br>- дыбыс шығару мәдениетін тәрбиелеу;<br>- көркемдік талғамның тәрбиеленуі және шығармашылық ынтаның, орындаушылық еркіндігінің дамуы; |

## 3. Пәннің тақырыптық жоспары және мазмұны

### 3.1 Пәннің тақырыптық жоспары

| № п/п | Тақырыптар мен бөлімдердің атауы | Оқыту уақытының саны | Шығармалар саны |
|---|---|---|---|
| 5- сынып | | | |
| 1. | Аспаптың тарихы, құрылымы, ноталардың аспапта орналасуы. Жаттығулар. | 17 | Орындауға жеңіл саналатын шығармалар 3-6 |
| 2. | Оң және сол қолдың қойылымы,ысқышпен танысу, ойнау кезінде аспапты еркін меңгеру жолдары | 17 | |
| | Барлығы: | 34 сағат | |
| 6 – сынып | | | |
| 1. | Негізгі ойын әдістері. Орындаушылық ерекшеліктер. | | 8-10 |
| 2. | Ырғақ үйлесімін сақтау, стакатто,пиццикато.Позициялар | 17 | |
| 3. | Сол қолдың әдіс амалдары<br>Оң қолдағы әдіс амалдыр | 17 | |
| | Барлығы: | 34 сағат | |
| 7 - сынып | | | |
| 1. | Дыбыс шығару үндестігі, ырғақ үйлесімін сақтау | 14 | |
| 2. | Контилена шығармаларын орындау тәсілі | 10 | |
| 3. | Шығармалар<br>Күйлер | 10 | 2-3 |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| 8 - сынып | | | |
| 1. | Дыбыстың динамикалык өзгеріс кезіндегі әдісі. Позицияларды меңгеру. | 10 | |
| 2 | Көлемді шығармалар орындау тәсілі | 14 | 1+2 |
| 3. | Шығармалар<br>Күйлер | 10 | |
| | Барлығы | 34 сағат | |

| 9 - сынып | | | |
|---|---|---|---|
| 1. | Штрих: деташе, легато, стаккато, маркато, тремоло әдістері | 10 | |
| 2. | Шығармалар | 10 | 2 |
| 3. | Күйлер | 14 | 4 |
| | Барлығы | 34 сағат | |
| | Жалпы саны | 170 сағат | |

## 3.2 Пәннің үлгілік оқу бағдарламасының жоспары

Етене қосымша аспаптарды оқыту – халық аспаптар оркестрлерінің, ансамбльдерінің орындаушыларын дайындаудағы маңызды аспект болып табылады. Бұл мамандықтардың барлығы тек арнайы аспапты меңгеруді ғана емес, сонымен қатар оркестрлерде қолданылатын қосымша аспаптарда ойнай білу дағдыларын қалыптастырады. Болашақ оқытушы немесе оркестр орындаушысы осы аспаптарда кездесетін белгілі қиындықтарды біліп қана қоймай, оны дер кезінде шешу жолдарын да қарастыруы тиіс.

**Аспаптың құрылымы, ноталардың аспапта орналасуы.**

Аспаптың тарихымен, құрылысымен танысу, оның оркестр, ансамбльдерде алатын орны туралы мағлұмат беру. Аспап бойында ноталардың орналасуымен таныстыру және жаттығулармен жұмыс жасау.

**Оң және сол қолдың қойылымы, ойнау кезінде аспапты еркін меңгеру жолдары.**

Аспапты меңгеруде алғашқы оң және сол қолдардың қойылымы. Дыбыс шығару жолдарының негіздерін меңгеру. Әр аспаптың ерекшеліктерімен танысу.

**Негізгі ойын әдістері. Орындаушылық ерекшеліктер.**

**Ырғақ үйлесімін сақтау, стакатто, пиццикато.Позициялар.**

Негізгі ойын әдістерімен танысу және оларды орындау түрлері. Орындаушылық ерекшеліктер – штрихтардың жеңіл ойнау жолдары, стакатто, пицикатто, оларды орындау жолдары, позициялар түрлерімен танысу.

**Сол қолдың әдіс амалдары.Оң қолдағы әдіс амалдар**

Оң қол мен сол қолдың дұрыс қойылуы, ысқышты ашық ішектерде жүргізу (тұтас және белгілі бөліктерімен), саусақтың тырнақ сыртымен ішекке тигізіп ойнау тәсілімен танысу.

**Дыбыс шығару үндестігі, ырғақ үйлесімін сақтау.**
Ысқышты жүргізе отырып, таза дыбыс алу жолдары. Ырғақты және үйлесімдікті сақтау.

**Контилена шығармаларын орындау тәсілі.**
Шығармалардың ерекшеліктеріне тоқталу және оқушыға түсіндіру жолдары. Шығармалардың характерін жеткізе білу.

**Дыбыстың динамикалық өзгеріс кезіндегі әдісі. Позицияларды меңгеру.**
Динамикаларды орындау әдістерін меңгеру жолдары. Позицияларды ойнап үйрену.

**Көлемді шығармалар орындау тәсілі**
Көлемді шығармаларды талдау, әр кезеңге бөліп жасау тәсілдерін меңгеруге үйрету.

**Штрих: деташе, легато, стаккато, маркато, тремоло әдістері.**
Әртүрлі штрихтарды меңгеру жолдары.

**Үлгілік репертуарлық тізім**

Халық әндері «Ақ қайың» (өңдеген Л.Хамиди)
«Ал қоныр» , «Елім-ай» , «Еркем-ай» , «Ләтипа» , «Сәулем-ай»

О.Байділдаев «До-ре-ми»

Орыстың халық әні «Как под горкой»
«На зеленом лугу»
М.Магиденко «Песенка» , «Петушок»

Л.Бекман «Елочка»
В.Калинников «Тень-тень»
Б.Барток «Детская пьеса»
Орыстың халық әні «Ходит зайка по саду»
Д.Кабалевский «Маленькая полька»
В.Моцарт «Алегретто»
Чехтың халық әні «Кукушечка»
И.Брамс «Петрушка»
Украинның халық әні «Лисичка»
Орыстың халық әні «Во поле береза стояла»
Белорустың халық әні «Перепелочка»
Ж.Люлли «Менуэт»
Ағылшынның халық әні «Спи, малыш»
Ж.Б.Шуберт «Медленный вальс»

## 4. Оқытудың жоспарланған нәтижелерін бақылау

«Фольклорлық аспап» пәні 5 – 9 сыныптарда жүргізіледі. Әр оқу жылы аяғында оқытушы окушының аспапты меңгеруіне байланысты қорытынды сабақ өткізіп, окушының білімі бағаланады.

Тоғызыншы сыныпта сынаққа окушы оқытушының таңдауы бойынша орындаушылық көрсету үшін жыл бойында жеке үйренген репертуарлық тізімнен әртүрлі форма мен жанрдағы бір шығармадан көрсетуі қажет.

**Оқушыны бағалау шарттары:**

- Аспапта ойнап көрсету және құлақ күйін білу;
- Жатқа білетін пьеса немесе оркестрлік партияны орындау;
- Аспаптың құрылымы, диапазоны, орындаушылық мүмкіншіліктері туралы,сонымен қатар негізгі ойнау әдістері, штрих және аппликатура жөнінде сұрақтарға ауызша жауап беру

## 5. Әдебиеттер және оқыту құралдары


1. А.Алексеев- Гаммалар мен арпеджио, 1951 ж.
2. Н.Бакланова - Этюды и упражнения, 1959 ж.
3. А.Яныщинов- Гаммалар мен арпеджио, 1973 ж.
4. А.Григорян - Гаммалар мен арпеджио, 1973 ж.
5. А.Комаровский - Этюдтер, 1958 ж.
6. Г.Шрадик - Упражнения, 1969 ж.
7. А.Григорян- Алғашқы скрипкаға үйрету мектебі, 1961 ж.
8 М.Гарлинкий- Избранные этюды
9. К.Радионов, М.Гарлицкий, К.Фортунатов - Избранные этюды, 1974 ж.
10. Ж.Мазас-Этюды, 1971 ж.
11. Ф.Балғаева Қобызға арналған пьесалар, 1978 ж.
12. Д.Тезекбаев Қобызға арналған пьесалар
13. Б.Қожамқұлова - Скрипка мен кобызға арналған пьесалар
14. А.Жұбанов - Қобызға арналған 5 пьеса
15. И.Брамс - Венгерские танцы, 1974 ж. Москва
16. И.С.Бах- Концерты, 1954 ж. Будапешт
17. Л.В.Бетховен - Соната, 1976 ж. Бони
18. Қазақстан композиторларының шығармалары Қобыз бен фортепианоға арналған, 1980 ж.


**Оқыту құралдары:**

1. Музыкалық аспап
2. Оқу – әдістемелік әдебиеттер
3. Ноталар кітапханасы
4. Интернет – технологиялар